

**КӘСІБИ ҚҰЗІРЕТТІЛІГІ ЖОҒАРЫ ХИМИЯ БИОЛОГИЯ
МАМАНДАРЫН ЖЕТІЛДІРУ ШЕҢБЕРІНДЕ ӘЛЕУМЕТТІК
ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ҚҰЗІРЕТТІЛІКТІ ЖАНДАНДЫРУ**

ДУЙСЕМБИЕВ Марат Жолдасбекович

х.ғ.к., Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік педагогикалық университеті

Химия кафедрасының доценті

Шымкент/Қазақстан, e-mail: m.duisembiev@mail.ru

РАИМБЕКОВА Дилноза Шухратбековна

Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік педагогикалық университеті

Химия кафедрасының магистранты

Шымкент/Қазақстан.

Аңдатпа. Мақалада қаралатын мәселелер атқаратын кәсіптік қызметтерінің мәдениетін біздер келешек мамандық иелерінің жеке тұлғасының интегралды сапасы ретінде қалыптастырылады, соның ішінде келешектегі химия-биология мұғалімі қызметтерінде кәсіби мәдениеттің мәнісін, болмысын, нормалық стандарттарын саналы түрде қарқындалуға әсер ететін әсерберуші- құндылық, дағды-танымдық, белсенді болу және эмоционалды компоненттерін бойларына дарыту болып есептелетіндігі баяндалған. Білім алушыларға кәсіби құндылықтарды, жүйелі ұйымдастыру тәсілі ретінде олардың өздігінен оқып үйренуді, өзін-өзі дамыта білу, өзін-өзі жетілдіріп е бағдарлама негізінде дайындалған білімдерді, біліктілікті, тәжірибелерді, құндылықтар және де аспап-құралдарды толық оқып үйренуді сараптай алатын кәсіби қызметтердің барысы. Химия-биология мұғалімдерінің атқаратын кәсіби қызметтерінің мәдениетін, біздің болжамымыз негізінде, келешек мамандық иелерінің кәсіби-құзыреттілік стандартына сәйкес дамыта отырып жоғары деңгейде көрсетуге болады деп есептей аламыз. Әлеуметтік-психологиялық жәрдем беру жұмыстары түзету және дамыту қызметтерінің сан қилы әдістерінің топтамасы ғана емес, кәсіби құзыреттілікті қалыптастыру мәселелерін шешуде білім алушыларды қолдап көмек берудің күрделі технологиясы мен айрықша мәдениеті ретінде жүзеге асырылады. Болашақ мамандық иесінің кәсіби құзыреттіліктерін жүйелендірудің әлеуметтік-психологиялық көмегі көп деңгейлі сонымен бірге өзара әрекеттесу факторлары болып саналады. Ол қызметтердің атқаратын негізгі функциясы оқу-білім беру қызметтерінің субъектісінің жекелей маңызды қажеттіліктерінің жиынтығы болып келеді, Жоғарыдағы айтылған мәселелер оның өзін-өзі жүзеге асыруын анықтайды.

Кілт сөздер: оқыту процесі, психология, дидактика, ғылыми техникалық үдеріс, кәсіби құзыреттілік.

Кіріспе

Әлеуметтік-психологиялық жағынан үнемі қолдау көрсету ол дегеніміз жасалынатын қызметтердің бірінғай тұтас және бірқалыпты түрде ұйымдастырылып, атқарылған қызметі түрінде қарастырылып отырылады. Істелінген қызметердің барысында кәсіби құзыреттілікті жандандыруға әсер ете алатын келешек мамандардың жекелей және де кәсіби бәсекеге дайын маңызды қасиеттерін дамытып, алдағы уақыттарда жақсы кәсіби қызмет атқаруы үшін әлеуметтік-психологиялық жағдайлар қарастырылады. Әлеуметтік-психологиялық қолдау көрсетудің ең керекті маңызды көрсеткіші бола білуі керек, сонымен бірге басты міндеттері, ол әрине жекелей тұлғаның керекті қасиеттерін жүйелендіретін, жеке қалыптасатын тұлғаның кәсіби құзыреттілік бейімділігін жақсы қалыптастыруға әсерін тигізу болып саналады (Басова, 2008: 75). Сапалы кәсіби бейімделудің барлық кезеңдерінде білім алушылардың жақсы оқулары мен әлеуметтік-психологиялық өзін-өзі көрсете білуі үшін ыңғайлы жағдайларды қалыптастырып оқу-білім беру ортасын қолдап жан-жақты дамыту көзделінеді. Оқу үрдісінде мәселелік жағдаяты бар студенттерге кәсіби құзыреттілікті қалыптастыруға жәрдем ету барысында арнайы психологиялық-педагогикалық, сонымен бірге әлеуметтік жағдайлар жасалынып отырған дұрыс болады. Көрсетілетін осы қызметтің бағыты университетте дайындалады, оқу жинамаларын ұғынуда, әлеуметтік қабылданған мінез-құлықтарының мөлшерінде, топ бойынша түсіндіру жағдайында оқытушылармен және білім алушылармен жақсы қарым-қатынаста болуларында байқалады. Бір нәрсеге алаңдаушылық жағдайдары жоғары деңгейінде сезіліп тұратын болса, белгілі бір оққылықтар анықталынған студенттерге кәсіби құзыреттілікті қалыптастыру мақсатында психологиялық-педагогикалық жәрдем ету үшін оларға орын алған мәселелерді жеңіп шығуға мүмкіндік берілетін іс-шаралар жүйесі қарастырылып отырылады.

Материалдар мен әдістер

Аталынған негізгі берілетін компоненттер жүйесіне сәйкес болашақ бәсекеге қабілетті маманның кәсіби құзыреттіліктерін қалыптастырып қолдау үшін нақтылай мазмұнмен сәйкестендіріледі. Қарастырылып отырылған идеология негізінде тікелей жұмыс түрлерінің мазмұнын талдап талқылап отыру керек (Артемова, 2009: 35). Ең бастысы білім алушылардың әлеуметтік-психологиялық мәртебесі мағынасын анықталынып нақтылай мүмкіндіктер туғызылады. Атап айтқанда, білім алушылардың әлеуметтік мәртебесі аясында олардың әлеуметтік-психологиялық сипаттамаларының жүйесін ұсынамыз. Осы жүйеде олардың психикалық өмірлерінің кейбір параметрлері кіреді, сонымен қатар білімі кәсіби қызметтерінің мәдениетін жүйелендірулің ыңғайлы әлеуметтік және психологиялық-педагогикалық мүмкіндіктерін жасау үшін керек (Болотов, 2013: 43).

Әдебиеттерге шолу

Атап айтатын болсақ, осы параметрлерді арнайы түрде екі топқа бөлуге болады. Бірінші топқа жататын білім алушылардың айырмашылығы, ерекшелігі олардың психикалық ұйымдарының таным ерекшеліктері, қызығу шаралары, қарым-қатынас мәдениетінің стилі, әлемге деген қарым-қатынасы және т.б. сезілуі керек; екінші топқа жататындарда – білім алушының студенттік өміріндегі әрқилы кезеңдерінде және де оқу-білім үрдісіндегі пайда болатын түрлі жағдайларда ішкі психологиялық күйзелістерінде пайда болған мәселелік жағдайлар немесе орын алатын қиындықтардың болуы (Бегенина, 2013: 95).

Болашақтағы кәсіби мамандықтың иесінің кәсіби қызметтерінің саликалы мәдениеті жүйесін жүйелендіруге қолқабыс білдіру бағдарлама барысына ендірілген керекті қағиданы қарастыра отырып, біздер білім алушыларға жекелей таңдай алуларына мүмкіндік жасауды ұсындық. Оқытушы тарапынан берілетін тапсырмалар білім алушылар бойынан жан-жақты мінез-құлықтарды көре алатын, сезіне білетін, өздерінің мәселелік жағдайларын толықтай шешуге әрекет жасай алатын, өзін-өзі тани білетін және де келешекте кәсіби маман ретінде танудың көптеген жолдарын, кәсіби қызметтерінде мәдениетін қамтамасыз ете алатындай жағдайларды жасай алатындай болуы керек (Самойленко, 2015: 29). Тығырықтан шыға алатындай жолдарын көрсете отырып, ең керектісі, оларды қолдана білуге үйретіп, білдіру. Атқарылатын жұмыстарының мақсаты білім алушылардың арнайы психологиялық, валеологиялық білімдерге қажеттіліктерін қалыптастырып, психологиялық мәдениетті жандандыру, білім алушылардың психологиялық-педагогика шеңберіндегі таным-құзыреттіліктерінің үдету қажеттіліктерімен анықталынады.

Нәтиже мен талдау

Сауықтандыру бағыттары аясында қызметтерді көрсету кезінде келешек кәсіби мұғалімдердің кәсіби таным-құзыреттіліктерін қалыптастырып жетілдіру үрдісінде төмендегідей нақтылай іс-мәзірлерді іске асырылады (1-Кестеде).


1. Білім алушыларды білімге бейімделу жұмыстарына асыру. Бейімделу сауықтандыру кезеңінде білім алушыларға жәрдем беру үшін, мұғалімдерге нақты ұсыныстарды беру керек.

2. Білім алушылардың өмір сүру жағдайларына әсері бар психофизикалық шамадан тыс жүктемелердің орын алуының алдын алу жұмыстарын жүргізу, сапалы тәрбиелеу сонымен қатар білім-оқыту іс-шаралары жұмыстарын ыждағатты жүргізіп отыру.

3. Қиындығы кездесетін топтарындағы оқушыларды психологиялық-әлеуметтік қолдап барынша көмек қолын созу жұмыстарын жүргізу. Білім алушылардың денсаулығын қадағалап отыру аясында медициналық-психологиялық-валеологиялық жағдайларын жүйелендіру (Гуревич, 2007: 65).

Оқушылардың ақыл-ойының даму дәрежесі, атап айтқанда, олардың салыстыра алуы, анализдеуі, қорытынды жасап, алған білімін оқудың жаңа кезеңдеріне аудара білуі берілген уақыт ішінде белгілі білім мөлшерін игеруге көмектеседі. Бұл қасиеттерді дамыту мақсатында химия курсындағы біртіндеп, сатылап күрделенетін тапсырмаларды қолдану қажет. Оқушылардың ақыл-ойының даму дәрежесі, атап айтқанда, олардың салыстыра алуы, анализдеуі, қорытынды жасап, алған білімін оқудың жаңа кезеңдеріне аудара білуі берілген уақыт ішінде белгілі білім мөлшерін игеруге көмектеседі (Макарова, 2016: 57). Үйге берілген тапсырманы орындауға кететін уақыт мөлшерін қысқартуды, оқушының оқулықпен, қосымша әдебиетпен, методикалық кеңес ретінде берілген баспа туындыларымен жұмыс істеу дағдаларының дұрыс қалыптасуының үлкен маңызы бар. Бұл дағдылар дұрыс қалыптасқан оқушы материалдағы негізгі жағдайды тез түсінеді, оның мазмұнын толық және тұрақты қабылдайды.

1-кесте. Болашақ химия-биология мамандығы иелерінің кәсіби құзыреттілігін қалыптастыру үрдісінде орындалатын іс-шаралар.



Диагностикалық жұмыс қызметтің кәсіби қызмет мәдениетін қалыптастырудың бүкіл кезеңінде студентті терең психологиялық, физикалық зерттеуге, жеке ерекшеліктерді анықтауға, оқытудағы, тәрбиелеудегі, дамудағы бұзушылықтардың себептерін анықтауға бағытталуымен анықталды. Диагностикалық жұмыс жеке студенттермен және олардың топтарымен жүргізілді (Кукушина, 2006: 56). Диагностикалық бағытқа сәйкес әлеуметтік-психологиялық

қызмет Болашақ маманның кәсіби құзыреттілігін қалыптастырудың келесі нақты міндеттерін шешті:

1. Медициналық-психологиялық және жас ерекшеліктерін зерделеу, өмір сүру жағдайларының студенттерді оқыту мен тәрбиелеуге оң және теріс әсерін анықтау.

2. Психологиялық, әлеуметтік, валеологиялық сүйемелдеу бойынша зерттеу үшін өзекті сұраныстарды анықтау.

Міндеттері қызметтің студенттің жас нормаларына сәйкестігін қамтамасыз етуге, жеке тұлғаларға кураторларға көмектесуге бағыттауымен анықталды.

2-кесте. Болашақ маманның кәсіби құзыреттілігін қалыптастырудың келесі нақты міндеттері.



Қорытынды

Әлеуметтік-психологиялық жәрдем беру жұмыстары түзету және дамыту қызметтерінің сан қилы әдістерінің топтамасы ғана емес, кәсіби құзыреттілікті қалыптастыру мәселелерін шешуде білім алушыларды қолдап көмек берудің күрделі технологиясы мен айрықша мәдениеті ретінде жүзеге асырылады (Левашов, 2007: 86). Болашақ мамандық иесінің кәсіби құзыреттіліктерін жүйелендірудің әлеуметтік-психологиялық көмегі көп деңгейлі сонымен бірге өзара әрекеттесу факторлары болып саналады. Ол қызметтердің атқаратын негізгі функциясы оқу-білім беру қызметтерінің субъектісінің жекелей маңызды қажеттіліктерінің жиынтығы болып келеді, Жоғарыдағы айтылған мәселелер оның өзін-өзі жүзеге асыруын анықтайды. Әлеуметтік-психологиялық жәрдем

беру жұмыстары субъектілерінің қатынастарын өзгертуге бағытталған, кәсіби құзыреттілікті қалыптастыру үшін жағдай жасауға әсер етеді (Юферова, 2015: 42). Тұтастай қалыптасқан кәсіби ортада өзін-өзі дамыта отырып жүзеге асыру негізінде өтіледі, бұл түлекке кәсіби қызметті қалыптастыру жұмыстарының жоғары деңгейде жүргізіліп, қазіргі еңбек нарығында бәсекеге қабілетті сапалы кәсіби маман иесі болуға мүмкіншілік беріледі.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

Артемова А., Павлов Д., Сидорова Т. Модульно-рейтинговая система // Высшее образование в России. – 2009. № 4. – 35 с.

Басова Н.В. Педагогика и практическая психология. – Ростов-на-Дону: Феникс, 2008. – 416 с.

Бегенина Л.Ю. Реализация прикладной направленности обучения математике в средних специальных учебных заведениях с использованием информационных технологий: Дис. . канд. пед. наук. – Арзамас, 2013. 95 с.

Болотов В.А., Сериков В.В. Компетентностная модель: от идей к образовательной программе// Педагогика. – 2013, №10. – 43 с.

Самойленко П.И. Профессиональная компетентность преподавателя высшей и средней профессиональной школы // Специалист. – 2015. № 8. – 26-29 с.

Гуревич А.М. Ролевые игры и кейсы в бизнес – тренингах. – СПб.: Речь, 2007. – 65 с.

Макарова А.В., Трофимова З.Ц. Модульная организация учебного курса как основа разработки учебно-методического комплекса // Социально-гуманитарные знания. – 2016. № 4. – 57 с.

Кукушина В.С. Педагогические технологии: Учебное пособие для студентов педагогических специальностей /Под общей редакцией В.С.Кукушина. – М.: ИКЦ «МарТ» - Ростов н/Д издательский центр «МарТ», 2006. 56 с.

Формирование профессиональной компетентности студентов в образовательной среде колледжа: монография / под ред. Г.Н.Левашовой. – Орск: Издательство ОГТИ, 2007. – 86.

Юферова А.А. Психологические условия подготовки компетентного специалиста // Среднее профессиональное образование. – 2015. №1. – 42 с.

References

Artemova A., Pavlov D., Sidorova T. (2009). Modular rating system // Higher education in Russia. Vol. 4. p. 35.

Basova N.V. (2008). Pedagogy and practical psychology. Rostov-on-Don: Phoenix. 416 p.

Begenina L.Yu. (2013). Implementation of the applied orientation of teaching mathematics in secondary specialized educational institutions using information technology: Dis. . cand. ped. Sciences. Arzamas. 95 p.

Bolotov V.A., Serikov V.V. (2013). Competency model: from ideas to educational program. Pedagogy. Vol. 10. pp. 43.

Samoilenko P.I. (2015). Professional competence of a teacher of higher and secondary vocational schools. Specialist. Vol. 8. pp. 26-29.

Gurevich A.M. (2007). Role-playing games and case studies in business trainings. St. Petersburg: Speech. P. 65.

Makarova A.V., Trofimova Z.Ts. (2016). Modular organization of the training course as the basis for the development of an educational and methodological complex. Social and humanitarian knowledge. Vol. 4. p. 57.

Kukushina V.S. (2006). Pedagogical technologies: Textbook for students of pedagogical specialties. Under the general editorship of V.S. Kukushina. Moscow. IKTS "MarT" - Rostov Publishing House. P. 56.

Levashova G.N. (2007). Formation of professional competence of students in the educational environment of the college: monograph / ed. G.N. Levashova. Orsk: OGTI Publishing House. p. 86.

Yuferova A.A. (2016). Psychological conditions for the preparation of a competent specialist. Secondary vocational education. Vol. 1. p. 42.

ДУЙСЕМБИЕВ МАРАТ ЖОЛДАСБЕКОВИЧ

к.х.н., доцент кафедры Химии
Южно-Казахстанский государственный педагогический университет
Шымкент/Казахстан, e-mail: m.duisembiev@mail.ru

РАИМБЕКОВА ДИЛНОЗА ШУХРАТБЕКОВНА

магистрант кафедры Химии
Южно-Казахстанский государственный педагогический университет
Шымкент/Казахстан

Социально-психологическое сопровождение формирования профессиональной компетентности будущего педагога химика-биолога

***Аннотация.** Рассмотренная в статье социально-психологическая помощь осуществляется не только как совокупность разнообразных методов коррекционно-развивающей службы, но и как сложная технология и уникальная культура оказания помощи обучающимся в решении задач профессиональной компетентности. Социально-психологическая помощь в систематизации профессиональных компетенций будущего специалиста является многоуровневой, а также фактором взаимодействия. Проблемным аспектом в данной работе является совокупность индивидуальных сущностных потребностей субъекта образовательных услуг, указанные выше вопросы определяют его самореализацию. Работа социально-психологической помощи направлена на изменение установок субъектов, создание условий для формирования профессиональной компетентности. Он осуществляется на основе саморазвития в существующей профессиональной среде, что позволяет выпускнику работать на*

высоком уровне профессиональной деятельности и стать конкурентоспособным профессионалом на современном рынке труда. Социально-психологическое сопровождение формирования профессиональной компетентности будущего специалиста - это многоуровневое и полиморфное взаимодействие, основная функция которого - стимулирование той индивидуальной совокупности личностно значимых потребностей субъекта образовательной деятельности, которая обуславливает его самореализацию. Оно ориентировало на изменение отношений субъектов образовательной деятельности, способствовало созданию условий для формирования профессиональной компетентности. В то же время в ходе профессионально-личностного становления развитие студентов как специалистов слилось в единый неделимый процесс с целостным формированием профессиональной компетентности будущего химика - биолога специалиста-профессионала.

Ключевые слова: процесс обучения, психология, дидактика, научно-технический процесс, профессиональная компетентности.

DUISEMBIYEV Marat Zholdasbekobish

Ph.D., Associate Professor, Department of Chemistry
South Kazakhstan State Pedagogical University
Shymkent / Kazakhstan, e-mail: m.duisembiev@mail.ru

RAIMBEKOVA Dilnoza Shuhratbekovna

Master's student of the Department of Chemistry
South Kazakhstan State Pedagogical University
Shymkent / Kazakhstan

Socio-psychological support for the formation of professional competence of the future teacher of a chemist-biologist

Abstract: *This article discusses socio-psychological assistance not only as a set of various methods of correctional and developmental service, but also as a complex technology and a unique culture of helping students in solving problems of professional competence. Social and psychological assistance in systematizing the professional competencies of a future specialist is multi-level, as well as interaction factor. The problematic aspect in this work is the totality of individual essential needs of the subject of educational services; the above issues determine its self-realization. The work of socio-psychological assistance is aimed at changing the attitudes of subjects, creating conditions for the formation of professional competence. It is carried out on the basis of self-development in the existing professional environment, which allows the graduate to work at a high level of professional activity and become a competitive professional in the modern labor market. It focused on changing the attitudes of the subjects of educational activity, contributed to the creation of conditions for the formation of professional competence. At the same time, in the course of professional.*

Keywords: *learning process, psychology, didactics, scientific and technical process, professional competence.*